

## «TASCREDIT-пен бірге бензин тегін!» жарнамалық акциясын өткізу шарттары

### 1. Жалпы ережелер

1.1. « TASCREDIT-пен бірге бензин тегін!» жарнамалық акциясының (бұдан әрі — Акция) ұйымдастырушысы — TASCREDIT брендімен жұмыс істейтін "МҚҰ "TAS FINANCE GROUP" ЖШС (бұдан әрі — TASCREDIT).

1.2. Акция өткізу мерзімі: 2025 жылдың 10 ақпанынан бастап 10 мамырына дейін қоса алғанда.

1.3. Акцияға қатысушылар: Қазақстан Республикасының азаматтары, атап айтқанда, 2025 жылдың 10 ақпаны мен 10 мамыры аралығында автокөлігін кепілге қойып жаңа несие рәсімдеген немесе автонесие алған, оның ішінде кредитті сырттай қайта қаржыландырған (МҚҰ өнімі, бұдан әрі — несие) барлық клиенттер. Несие онлайн немесе бөлімше арқылы рәсімделуі тиіс.

Акцияға қатысу шарттары	Сыйлық
жаңа автокөлік кепілдігімен немесе автонесие рәсімдеу	20 литр АИ-95 маркалы бензин

### 1.4 Осы Акцияны өткізу шарттары

(бұдан әрі – Шарттар) Акцияны өткізу тәртібін, оған қатысу шарттарын және сыйлықтарды табыстау тәртібін анықтайды. Аталған шарттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.

### 1.5. Акцияға келесі тұлғалар қатыса алмайды:

- МҚҰ қызметкерлері;
- Қазақстан Республикасының кәмелетке толмаған азаматтары;
- Ашылған несиелік желі аясында қосымша қаражат рәсімдейтін клиенттер;
- Мерзімі аяқталған келісімшарттарды қайта рәсімдеген клиенттер;
- Ішкі қайта қаржыландыру (рефинансирование) бағдарламасына қатысушылар.

### 1.6. Акцияны өткізу аумағы

Акция Қазақстан Республикасының барлық қалаларын қамтиды.

### 1.4. Акцияның мақсаты:

Клиенттерді TASCREDIT-те несие рәсімдеуге ынталандыру.

## 2. Сыйлық қоры

2.1. Акцияның сыйлық қоры "МҚҰ "TAS FINANCE GROUP" ЖШС (TAC ФИНАНС ГРУПП) TASCREDIT бренді есебінен қалыптастырылады.

2.2. Акцияның сыйлық қоры:

- 20 литр АИ-95 маркалы бензин – 10 000 (он мың) дана, Qazaq Oil жанармай құю станцияларының желісінде беріледі.

2.3. Сыйлықтың параметрлері мен сипаттамалары ұйымдастырушының шешімі бойынша анықталады және қатысушылардың күткеніне сәйкес келмеуі мүмкін, сондай-ақ жарнамалық материалдарда қолданылған бейнелерден өзгеше болуы мүмкін.

2.4. TASCREDIT сыйлық қорының ақшалай баламасы берілмейді.

2.5. Сыйлық қорын алуға құқық басқа тұлғаға берілмейді, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

## 3. Акция туралы ақпарат

3.1. Акция туралы ақпарат келесі жолдармен таратылады:

- Ресми [tascredit.kz](https://tascredit.kz) сайтында орналастыру;
- Өлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарда орналастыру;
- Интернет-платформаларда жарнаманы орналастыру;
- Радиостанцияларда джинглдарды орналастыру;
- TASCREDIT бөлімшелерінде және басқа ақпарат тасымалдаушыларда жарнама орналастыру.

#### **4. Сыйлық қорын алу тәртібі мен мерзімі**

4.1. Әрбір қатысушы Акция шарттарымен **tascredit.kz** ресми сайтында жарияланған ақпарат арқылы өз бетімен таныса алады.

4.2. Акцияның 2.2. бөлімінде көрсетілген сыйлық қорын алу үшін қатысушыларға Акция өткізу мерзімі ішінде автокөлік кепілдігімен несие немесе автонесие рәсімдеу қажет. Бұл рәсім онлайн түрде немесе **TASCREDIT** бөлімшелерінде жүзеге асырылуы тиіс.

4.3. Әрбір қатысушы бір несие шарты аясында тек **1 (бір)** сыйлық алуға құқылы.

4.4. Егер бір қатысушы әртүрлі автокөліктерге бірнеше несие шарты рәсімдесе, әрбір шарт үшін жеке сыйлық беріледі.

**4.5. Сыйлық беру рәсімі несие рәсімделгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады. Акцияға қатысушының мобильді нөміріне SMS хабарлама жіберіледі, онда АЗС Qazaq Oil желісінде бензин алу үшін электронды талонға сілтеме болады.**

4.5. Сыйлық қоры тек Қазақстан Республикасының аумағында, **TASCREDIT** кез келген бөлімшесінде/филиалында немесе жеңімпазбен алдын ала келісім бойынша беріледі.

4.6. Сыйлық қорының берілуі Акция мерзімі ішінде күнделікті немесе жеңімпазбен келісілген уақытта жүзеге асырылады.

#### **5. Қорытынды ережелер**

5.1. Акцияға қатысу фактісі қатысушының осы Шарттармен толық келісетіндігін білдіреді.

5.2. **TASCREDIT** кез келген уақытта Акция мерзімдерін, сыйлық қорын және/немесе ережелерді толықтыру және/немесе өзгерту, сондай-ақ Акцияны толығымен немесе ішінара тоқтату, кідірту немесе бас тарту құқығын өзіне қалдырады. Бұл туралы хабарландыру ресми сайт арқылы жарияланады.

5.3. **TASCREDIT** жеңімпаздардың есімдері мен фотосуреттерін жарнамалық мақсаттарда пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

5.4. Акцияға қатыса отырып, қатысушы өзінің жеке деректерін жинауға және өңдеуге, соның ішінде оларды сақтауға, пайдалануға және осы шараларды ұйымдастырушы мен уәкілетті тұлғалардың мақсаты үшін таратуға келісім береді. **TASCREDIT** деректерді рұқсатсыз жария етуден қорғау үшін қажетті шараларды қабылдайды.

5.5. **TASCREDIT** осы Шарттарды бұзған адамдардың, соның ішінде келесі әрекеттерді жасағандардың Акцияға қатысу мүмкіндігін алдын ала ескертусіз және түсініктемесіз бұғаттау құқығын өзіне қалдырады:

- **TASCREDIT** немесе Акция қатысушыларына қатысты алаяқтық, алдау немесе басқа манипуляцияларды жасап, олардың салдарынан жағымсыз әсер туындаған жағдайда;
- **TASCREDIT**, Акция қатысушыларына қатысты қорлайтын пікірлер немесе шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты тарату кезінде.

5.6. Акцияны ұйымдастыруға байланысты шағымдар **marketing@tascredit.kz** электронды мекенжайына жіберілуі мүмкін. **TASCREDIT** түскен шағымдарға оларды алғаннан кейінгі 30 күнтізбелік күн ішінде жауап береді.

5.7. Сыйлықтарды қатысушылар қайта талап ете алмайды, сондай-ақ сыйлықтардың ақшалай эквиваленті берілмейді.

5.8. **TASCREDIT** кез келген уақытта Акцияны тоқтату немесе ұзарту, сондай-ақ осы Шарттарды өз қалауынша өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Өзгерістер туралы ақпарат **tascredit.kz** сайтында уақытылы жарияланады.